

Тақырыбы: “Майданнан келген хаттар сыр шертеді...” (Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 70 жыл)

Орындаған: №3 мектеп-интернатының 9-сынып оқушысы

Тұрлыбек Айтмұханбет

Жетекшісі-Бегентаева Ғазиза

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы





ТҮЙІНДЕМЕ:

Аты-жөні: Тұрлыбеков Айтмұханбет

Туған жылы: 1999 жыл

Мектебі: №3 мектеп-интернат

Сыныбы: 9

Болашақтағы мақсаты: “ Сен де бір кірпіш дүниеге
тетігін тап та, бар қалан” (Абай)

Өмірлік ұстанымы: АЗАМАТ болу

ЖОСПАРЫ:

1. **Кіріспе.** Шежірелі
Жаңақорған: Ұлы Отан
соғысының ауыр лебі;
2. **Негізгі бөлім.** Сүйер ұлын
болса, сен, сүй, сүйінерге
жарар ол... (Абай)


Майданнан келген хаттар сыр
шертеді...

Қорытынды. Жаңақорғандық
батыр- Әшірбекұлы
Әбіласан:

Асқар таудай айбарлы ӘКЕ

Дүйім елдің ҰСТАЗЫ

дархан адам



Түйіндеме:



Аты-жөні: Әшірбеков Әбіласан Ахметтегі

Туған жылы: 1919 жыл

Білімі: Шаруа- жастар 7 жылдық мектебі (1934 ж.)

Түркістан педтехникумы (1936 ж.)

Шымкент мұғалімдер институты (1948 ж.)

Қызылорда пединституты (1950 ж.)

Қызметі:

Талап, Төменарық орта мектептерінің директоры
(1950-1954 ж.ж.)

Жаңақорған аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі
(1954-1957 ж.ж.)

Жаңақорған аудандық Советі атқару комитеті
председателінің орынбасары (1957-61 ж.ж.)

№51 қазақ- орыс мектебінің директоры
(1961-1963 ж.ж.)


№3 мектеп-интернатының директоры
(1963-1980 ж.ж.)

Мадақтаулары:

1. 11 рет Жоғарғы Партияның, Совет органдарының, оқу министрлігінің, Совет Армиясы қолбасшыларының және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Мақтау және Құрмет грамоталары;
2. Мәскеудегі Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты (1978 ж.);
3. “Қазақ ССР және СССР оқу ісінің үздігі” белгісі (1978 ж.);
4. “Қазақ ССР-не еңбек сіңірген мұғалім” атағы (1966ж.);
5. “Жаңақорған ауданының Құрметті Азаматы” атағы (1976 ж.);
6. 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысында және бейбіт еңбекте Ерекше еткен еңбегіне барлығы 22 үкімет наградасы (1941-95ж.ж.);
7. Жоғарғы Бас Қолбасшы И.В. Сталиннің 15 Алғыс хаты;
8. “Ғасыр мұғалімі” (2000 ж.);
9. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 3 Алғыс хаты ;
10. Қызылорда облысы әкімдерінің 3 Құттықтау хаты (2000-2003 ж.ж.);

Бүкіл шежірелі Сыр бойы сияқты Жаңақорған өңірінің де тарихының тамыры тереңде жатыр. Ұлы жібек жолына тармақталған сілемдерінің осы өңірден өтуі , кезінде халқының басын құраған Ақ Орданың астанасы болған Сығанақ қаласының, Сауран қорғанының, атақты Алпамыс батырдың зайыбы Гүлбаршын сұлудың басына тұрғызылған Көккесене күмбезінің, имандылықтың бегісіндей Хорасан Ата сығанасының , басқа да құмда жатқан қамалдар мен қорғандардың Жаңақорған жерінде жатуы талай тылсым сырды аңғартса керек-ті...

ЖАҢАҚОРҒАН кенті





Жаңақорған ауданы орталығында Жеңістің 50 жылдығына байланысты “Жеңіс көшені” салынды. Онда елге оралмаған 2240 жауынгердің есімі жазылып, арнайы үлкен ескерткіш орнатылды.

Әшірбекұлы Әбіласан:



«Соғыс» деген бір ауыз сөзбен еліміздің басына қара түнек орнады. Талай қыршын жастың арманы снаряд қопарған топырақтың астында қалды. Туған жер көзімізден бұл-бұл ұшып, өрімдей жастарға ажал аранын ашты. Бейкүнә сәбилерге жетімдік, қайғы – қасірет әкелді. Бір ауыз сөздің салмағы, аналардың көз жасы еңсемізді басты...

1941 жылы 23 маусым күні эшелонға отырып, еш жерге тоқтамай, Бииск, Барнауыл, Новосибирск арқылы майданға жүріп отырдық...»



**“Біз ел басына күн туып,
ер етігімен су кешкен, ат
ауыздығымен су ішкен
күндерді де өз басымыздан
өткіздік. Отан үшін отқа
түстік- күймедік, арымыз
үшін арпалыстық-өлмедік!
Бүкіл бір деревняның өртеніп
кеткенін, бүкіл бір әулеттің
соғыстан оралмай құрып
кеткенін де көрдік. “Бәрі де
майдан үшін, бәрі де Отан
үшін!”-деп еңбектеген
баладан еңкейген қартқа
дейін Жеңісті жақындатуға
үлес қосты.”**

ӘАТТАР

ЖҰБАЙЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫНА

ТУЫС БАУЫРЛАРЫНА

ТУҒАН ЖЕРІ, ЕЛІНЕ

ЖАНҰЯСЫ

Жұбайы-Күлтай



Балаларымен

Халқтардан үзінді

“Үмітімді жалғастырар отбасым
Сағым көп менде, сағынғандай ботасын
Үмітті үзбей, сендерге сенім артамын
Жанұямның шаңырағы солмасын
Адамзат болып ар-намысты, ожданды
Зиянкес болмай, аяландар қоғамды
Келешекке нық қадам басып, адаспай
Күштеріңменен қорғандар мәңгі Отанды”-
деп жазды Әбекең жанұясына.


Ғафигардан үзінді

“Апыр-ау, тағдыр, не деген қиын кезең ең!
Кейде өзімді жападан жалғыз сезінем
Сендер- дағы болсаңдар менен жырақта
Сағынышты жеткізе алмаймын сөзбенен
Осында болып тілеймін мен барлығын
Отбасымның , елімнің мәңгі саулығын
Жымиған сенің жүзіңнен күлкі кетпесін
Көрсетпесін сендерге тағдыр тарлығын”-
Әбекеңнің жарына жазған хатынан.

Еліміме, туған жеріме:

Соғыс, соғыс, соғыс қой қазақтарда
Қуаныш та өтуде, азаптар да
Батыр ұлан боларсың, елім, саған
Осынау өшпес алау қазақ барда
Сонда сен шын бақытқа кенелерсің
Нағыз қазақ атауын иеленерсің
Бостандыққа қол жеткен қазағымның
Мәңгілік бесігінде тербелерсің.

Әкемдей болған Ибахан ағам жайлы жеңгеме жазған хаттан...



“Бір –бірімізді қимай , ұзақ қоштастық. Жаратылысынан мықты, қатты кісі ғой , сыр бермеді. Көзі өткір болатын, тура қарағанда , бойыңды жинап аласың. Бір-бірімізге деген тілегімізді сөзбен емес көзбен ұғыстық. Кебенек киіп барамыз. Бұдан кейін көрісу бар ма, жоқ па? Кімнің қай жерде қалғанын біліп болмайтын майдан даласын көз алдыма елестеттім. Аман жолығысуды нәсіп етіп, бір Алла жар болсын. Елмен бірге көреміз”, - дедім іштей бекініп...

(Асылдың сынығы- Ибахан Ахметұлы-әулет басшысы)

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ХАБАРЛАР...

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ХАБАРЛАР...



**Полктағы екі қазақ:
Әбіласан мен Ахай**



**1990 жыл. 45
жылдан соң
майдандас
доспен кездесу.**



Қорытынды:

“Мен өзімнің қарапайым еңбегім арқылы өзіңізге менің өнегелі өмір жолымның қиындығын емес, қызығын тілеймін. Халыққа қызмет етуден артық ұлы бақыт жоқ. Ұрпақ тәрбиесі одан да гөрі маңыздырақ екенін Сіздің жүрегіңізге жеткізгім келді. Бұлайым ұрпағымыз әрқашан да ұлағатты ұстазына жолыққай. Менің өмірімнің жарқын беттері өзіңізге жұғысты болғай. Сіздің де еліңіз үшін еселі еңбек төрінен көріне беруіңізге тілектеспін!”

**Әшірбекұлы Әбіласан Ахметтегінің
“Ұрпаққа аманат ” кітабындағы оқырманға
Арнауы**

ҰСЫНЫСТАРЫМ:

- Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне шипажай және басқа да емделу орындарына демалуға жеңілдік жасалса;
- Көліктерде (автобус, пойыз және т.б.) жүруге жеңілдік берілсе;
- Көмір, телефон, жарық энергиясы және т.б. коммуналды төлемдер көрсетілген жеңілдіктер қатары өссе;
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері жайлы деректі және кино-фильмдер түсірілсе;
- Ардагерлер өмірі жайлы газет немесе журнал жарық көрсе; ардагерлердің кітап шығаруларына көмек берілсе;
- Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің мұражайы ашылса;

Әшірбеков Әбіласан ағайдың ұсынысы:

- Тұрғын үйіне жан-жақты жөндеу жасалса;

Әдебиеттер:

- 1. “Келешегі кемел аудан”. Авторы- Файзулла Сахи
(Қызылорда. “Тұмар”-2003 ж.);*
- 2. “Ұрпаққа аманат”. Авторы- Әбіласан Әшірбекұлы
(Алматы. “Эффект”- 2007 ж.);*
- 3. Интернет материалдары;*

Назар аударғаныңызға рахмет!